**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырысы хаттамасы №1**

**Уақыты:** 24.02.2025 жыл

**Өткізілген орны:** «Астана»бөбекжай-бақшасы» КМҚК
**Қатысқандар:**

**Жиналыс төрайымы:**К.Ж.Жуманазарова - меңгеруші, жұмыс тобының жетекшісі.

**Жиналыс хатшысы:**Н.Атанбекова - педагог-психолог, жұмыс тобының хатшысы

**Күн тәртібінде**

1. Басшылық құрам және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер-есепші Мұсырманқұлов Б.
2. Басшылық құрам және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдау жұмысымен таныстыру – К.Ж.Жуманазарова- меңгеруші, жұмыс тобының жетекшісі

**І ТЫҢДАЛДЫ:** Басшылық құрам және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер.

**СӨЙЛЕДІ:** «Астана» бөбекжай-бақшасы КМҚК есепшісі Абдирасилова А Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы
Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚР Заңының 12-бабы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер» талабына сәйкес, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару сайланбалы органдарының мүшелігіне кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдардың, сондай-ақ көрсетілген функцияларды орындауға

уәкілеттік берілген кандидаттар болып табылатын адамдардың өз өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де қызметтік емес мүдделерде пайдалануына әкеп соғуы мүмкін әрекеттерді жасауына жол бермеу мақсатында, аталған адамдар осы Заңның 13, 14, 14-1 және 15-баптарында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, өздеріне:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;

4) материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, егер мұндай әрекеттер осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген адамдардың қызметтік өкілеттіктеріне кірсе немесе осы адамдар лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, оларды қабылдау;

5) Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде шоттарды (салымдарды) ашу және иелену, Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банктерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдайды.

2. Жекелеген мемлекеттік функцияларды орындау тәртібін реттейтін заңдарда сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған шектеулерді көздейтін басқа да құқықтық нормалар белгіленуі мүмкін.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдауға осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамдардың келісімін тиісті ұйымдардың персоналды басқару қызметтері (кадр қызметтері) жазбаша нысанда тіркейді.

4. Осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді қабылдамауы лауазымға қабылдаудан бас тартуға не лауазымнан шығаруға (лауазымнан босатуға) әкеп соғады, оларды сақтамау, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет және әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болмаған жағдайда, олардың мемлекеттік қызметті немесе өзге де тиісті қызметті тоқтатуы үшін негіз болып табылады.

5. Осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамның отбасы мүшелері материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына осы адамның әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін ұсынылатын материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді алуға, егер мұндай әрекеттер (әрекетсіздік) осы адамның қызметтік өкілеттіктеріне кірсе не ол өзінің лауазымдық жағдайына байланысты мұндай әрекеттерге (әрекетсіздікке) ықпал етуі мүмкін болса, құқылы емес.

Осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамдар және (немесе) олардың отбасы мүшелері хабардар етілмей келіп түскен, сондай-ақ олар осы баптың 1-тармағының 4) тармақшасын және 5-тармағын бұза отырып алған сыйлықтар сыйлықтың алынған күнінен бастап не осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамға сыйлықтың алынғаны туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға өтеусіз берілуге жатады, ал аталған адамдарға нақ сондай мән-жайларда көрсетілген қызметтерге қызмет көрсетілген күннен бастап не осы баптың 1-тармағының бірінші абзацында аталған адамға қызметтің көрсетілгені туралы мәлім болған күннен бастап күнтізбелік жеті күн ішінде республикалық бюджетке ақша аудару арқылы ақы төленуге тиіс.

Сыйлықты мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органға берген адам жоғары тұрған лауазымды адамды хабардар ете отырып, оны "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес айқындалған құны бойынша, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі уәкілетті органмен жасалатын сатып алу-сату шарты негізінде сатып алуға құқылы. Сыйлықтарды сатудан түскен ақша республикалық бюджетке аударылады,-деді.

**II ТЫҢДАЛДЫ:** Басшылық құрам және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдау жұмысымен таныстыру

**СӨЙЛЕДІ:** «Астана»бөбекжай-бақшасы меңгеруші, жұмыс тобының жетекшісі К.Ж.Жуманазарова сөз алды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер» 12-бабы талабына сәйкес, бөбекжай-бақша басшысы және есепші бухгалтер арасында Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын, бюджет заңнамасын, азаматтық қызметке кіру қағидаларының талаптары мен нормаларын сақтау және қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурс өткізу мәселелері бойынша қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу мақсатында мекеме қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау жүргізу. Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді шектеу бөбекжай-бақша меңгерушісінің лауазымдық міндеттеріне жатады. Олар мыналар:

1) мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;

2) жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;

3) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану арқылы жүзеге асырылады;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік өкілеттігін орындау барысында сыйлықтарды қабылдамау.

**ШЕШІМ:**

1. Басшылық құрам және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыратын қызметкерлерге сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер қабылдау барысы қанағаттанаралық.
2. Мүдделер қақтығысын болдырмау.

Жиналыс төрайымы__________К.Ж.Жуманазарова - меңгеруші, жұмыс тобының жетекшісі

Жиналыс хатшысы __________Н.Атанбекова- педагог-психолог, жұмыс тобының хатшысы

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі комиссия отырысы хаттамасы №2**

**Уақыты:** 07 .04.2025 жыл

**Өткізілген орны:** «Астана»бөбекжай-бақшасы» КМҚК
**Қатысқандар:**

**Жиналыс төрайымы:**К.Ж.Жуманазарова - меңгеруші, жұмыс тобының жетекшісі.

**Жиналыс хатшысы:**Н.Атанбекова - педагог-психолог, жұмыс тобының хатшысы

**Күн тәртібінде**

1. Қызметкерлер арасында ішкі әдептілік қағидаттарын қалыптастыру, әдептілік нормаларын қызметкерлермен қабылдау жұмысының деңгейі - кәсіподақ ұйымының төрайымы Е.Джилкибекова

**II ТЫҢДАЛДЫ:** Қызметкерлер арасында ішкі әдептілік қағидаттарын қалыптастыру, әдептілік нормаларын қызметкерлермен қабылдау жұмысының деңгейі

**СӨЙЛЕДІ:** кәсіподақ ұйымының төрайымы Е.Джилкибекова сөз алды. Сапалы және қолжетімді білімнің өзектілігін Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Білім деңгейі ұлттың бәсекеге қабілеттілігін анықтайды» сөзімен растауға болады. Қол жетімді бағамен сапалы жоғары білім алудың маңыздылығын түсіну. Біз өз миссиямызды сапалы және қолжетімді білім беру арқылы адамдарға қызмет ету ретінде көреміз. Сапа-бұл ұсынылатын қызметтерді үнемі жетілдіру. Бұл жұмыстағы адалдық, жетістіктер мен нәтижелерді әділ бағалау, жасалған іс-әрекеттер үшін жауапкершілік және кәсіпқойлықты үнемі жетілдіру. Сапалы білім-бұл халықаралық стандарттар деңгейіне сәйкес келетін, қазіргі заманғы еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандыратын білім. Негізгі құндылықтарды білу, мінез-құлық нормалары мен ережелерін сақтау, ұжым миссиясын ұстану, ұжымның жетістікке жету жылдамдығын арттыра отырып, жетекші орынға жетуге көмектеседі. Осы Кодексте қабылданған этикалық нормаларды ұстану белгілі бір тәуекелдерді болдырмауға көмектеседі, ғылыми-зерттеу қызметін дамытуға және Қазақстанның білім беру саласы бөбекжай қызметкерлерінің имиджін арттыруға ықпал етеді. Мінез-құлық стандарттары оқушылармен тәрбиеленушілермен және әріптестермен қарым-қатынаста адалдық, әділеттілік пен ізгілік қағидаттарын ұстануды білдіреді. Кодекстің кез келген талаптары бұзылған жағдайда қызметкерге Қазақстан Республикасының заңнамасына және қолданыстағы

нормативтік құжаттарға сәйкес тәртіптік жазалау шаралары және өзге де жауапкершілік шаралары қолданылатын болады. Кодекстің барлық ережелерін штаттық қызметкерлердің сақтауы үшін міндетті болып табылады.

I. адалдық

Адалдық-моральдың маңызды талаптарының бірін көрсететін моральдық сапа. Оған шыншылдық, адалдық, қабылданған міндеттемелерге адалдық, жүргізіліп жатқан істің дұрыстығына субъективті сенімділік, қоғам алдындағы және адамның басшылыққа алатын мотивтеріне қатысты шынайылық, басқа адамдардың өздеріне тиесілі нәрсеге құқықтарын мойындау және сақтау кіреді.

Мінез-құлық стандарттары:

- Анық, толық және объективті ақпарат береді (өз құзыреті шегінде);
- Істерде адал;
- Серіктестік және өзара сыйластық қағидаттарында ынтымақтастықты жүзеге асырады.

1.3 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

Бөбекжай-бақша ұжымы сыбайлас жемқорлықтың кез келген нысандарына төзбеушілік танытады және өз қызметкерлерінен өзінің қызметтік жағдайын пайдалана отырып, өзі, жақындары үшін лайықсыз және әріптестерінен осындай мінез-құлықты көтермелейтін мінез-құлқына шыдамайды. Көрсетілетін қызметтер үшін сыйақыны тікелей немесе жанама талап етуге және алуға тыйым салынады.

Сыртқы көздерден сыйлықтар.

Бөбекжай қызметкерлері ата-аналардан сыйлықтар, тәттілер, қызметтер, ойын-сауық немесе материалдық құндылық болып табылатын кез келген басқа ұсыныстарды қабылдауға құқылы емес. Қызметкерлерге, егер ол тыйым салынған заттар дереккөзден шықса немесе қызметкердің лауазымдық жағдайына байланысты ұсынылса, сыйлықты тікелей немесе жанама түрде талап етуге немесе қабылдауға тыйым салынады.

Әрбір қызметкер өзінің кәсіби қызметінің саласын білуі, өзінің лауазымдық нұсқаулықтарына сәйкес жоғары тұрған басшылықтың тапсырмаларын жедел және сапалы орындауы тиіс.

**ШЕШІМ:**

1.Қызметкерлер арасында ішкі әдептілік қағидаттарын сақтау жұмысын қалыптастыру.

Жиналыс төрайымы __________ К.Ж.Жуманазарова - меңгеруші, жұмыс тобының жетекшісі

Жиналыс хатшысы __________ Н.Атанбекова - педагог-психолог, жұмыс тобының хатшысы